

Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату Тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі Мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 5 наурыз 82 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 167. Күші жойылды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 206 қаулысымен. ~V960203

Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бар 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы N 2721 U952721_ "Жекешелендіру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 U952680_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформасын тереңдету жөніндегі Бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қ а у л ы е т е д і :

1. Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату туралы ұсынылған Т ә р т і п б е к і т і л с і н .
2. Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сатудың жоғарыда көрсетілген Тәртіпке сай жүргізілуі белгіленсін.

Т ө р а ғ а

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылдың 5 наурыздағы
N 82 Қаулысымен бекітілген

Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату Т ә р т і б і

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы "Жекешелендіру туралы" U952721_ Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылға арналған реформасын тереңдету жөніндегі кеңейтілген Жоспарына сәйкес жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату тәртібін, сондай-ақ сатып алу-сату үдерісіне қатысушылар міндеттері мен құқықтарын белгілейді.
2. Жекешелендірудің ұзартылған мерзімге сатылатын объектілері қатарына

Сатып алушыға төлемін үш жылға дейін ұзартылған мерзімде төлеуге берілген мемлекеттік мүліктер жатады.

3. Жекешелендірудің ұзартылған мерзімге сатылатын объектілерін Сатушы болып Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті немесе оның аумақтық органдары саналады.

4. Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату жөніндегі шешімді С а т у ш ы қ а б ы л д а й д ы .

5. Жекешелендірудің ұзартылған мерзімге сатылатын объектілері қатарына:

5.1. Төленімі 3 (үш) жылға дейінгі ұзартылған мерзімге берілетін, ауылдық жерлер мен елді мекендердегі әлеуметтік тағайындау объектілері;

5.2. Төленімі 1 (бір) жылдан артық емес уақытқа берілетін, кредиттік қарыздары активтерінен асып кететін объектілер;

5.3. Төленімі 3 (үш) ай ұзартылған мерзімге берілетін сауда-саттық кезіндегі қорытынды бағасы бастапқы бағадан екі немесе одан да жоғары көтерілген объектілер ж а т а д ы .

6. Жекешелендірудің объектілерін ұзартылған мерзімге сату аукцион немесе тендер өткізу арқылы жүргізіледі.

Сауда-саттықтар өткізілетін сауда-саттық түріне орай (аукцион немесе тендер) реттелген тәртіп бойынша төменде көрсетілген ерекшеліктеріне сай жүргізіледі.

6.1. 5.1. және 5.2. пункттеріне ұзартылған мерзімге сатылатын объектілер б о й ы н ш а :

а) Ұзартылған мерзім төленімдерінің мүмкіндігі және оның шарттары сауда-саттық қатысушыларының мәліметтеріне негізінде келесі тәртіппен жү р г і з і л е д і ;

- егер аукцион немесе ашық тендер объект бойынша сауда-саттық өткізу жөніндегі хабарламада көрсетілсе;

- егер жабық тендер тендерге қатысуға шақыруда көрсетілсе.

б) төленім келесі тәртіппен жүргізіледі:

- сауда-саттық жөніндегі келісім шарт жасалғаннан кейінгі алғашқы ай ішінде екі жақпен келісілген сома төленеді, бірақ ол сома сатылатын бағадан 15 проценттен кем болмауы керек;

- қалған сома сауда-саттықтың келісілген шартына сәйкес төленеді;

- қалған төленбеген сомаларға екі жақтың келісімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырған ставкасының жартысынан кем емес мөлшерде процент енгізіледі.

6.2. 5.3. пунктіне сәйкес ұзартылған мерзімде сатылатын объектілер бойынша :

а) ұзартылған мерзім төленімдерінің мүмкіндігі және оның шарттары

сауда-саттық қатысушыларының мәліметтері негізінде келесі тәртіппен жүргізіледі:

- Сатушы сауда-саттық басталғанға дейін төлем уақыты келісілген, бірақ үш айдан артық емес мерзімде төленетін ұзартылған мерзім объектілерінің тізімін анықтайды. Ұзартылған мерзімге сатылатын объектілердің бастапқы бағасының өсу мөлшері әр объектіге жеке бекітіледі, бірақ бұл мөлшер екі еседен кем болмауы керек;

- Сауда барысында қатысушы ұсынған баға келісілген мөлшерден асып кеткен жағдайда ғана аукционшы төлемнің мүмкін болатын ұзартылған мерзімі жөнінде хабарлайды.

б) төлем келесі тәртіппен жүргізіледі:

- сауда-саттықтың келісім шартына ол қойылғаннан кейінгі алғашқы айда сауда-саттық кезіндегі қорытынды бағаның 50 проценті төленеді;

- қалған сома сауда-саттықтың келісілген шарты тәртібімен төленеді;

- қалған төленбеген сомаларға екі жақтың келісімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырған ставкасынан кем емес мөлшерде процент енгізіледі.

6.3. Сатып алушының сауда-саттық шартын орындамауы Сатушыға оны біржақты түрде бұзуға мәжбүр етеді.